

**№3 Педагогикалық кеңес  
ХАТТАМАСЫНАН үзінді**

Өткізілген күні: 28.01.2026ж.

Қатысқаны: 28

Қатыспағаны :2 (ауырып жатқандар)

Тақырыбы:

«Мектеп жасына дейінгі балалардың этнопедагогика түрлері арқылы тілдік құзыреттілігін арттыру »

Мақсаты:Баланың тілін және ойлау қабілетін халық ауыз әдебиет шығармалары арқылы дамыту.

Күн тәртібі:

№2.Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы-меңгеруші.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге анықтама-Г.Кульджанова.

2.Педагогикалық шеберхана:

\* Этнопедагогика элементтері арқылы балалардың тілдік құзыреттілігін арттыру-Г.Кульджанова

\* халық ауыз әдебиет шығармалары бала тілінің дамуының негізгі құралы- тәжірибе бөлісу- А.Аусарова, Р.Прназарова.

Талқылау :

- Мақал-мәтелдердің пайдасы-іс-тәжірибеден-Ұ.Абишева
- Сахналық қойылымдар-ертегілердің пайдасы- А.Ерлан
- Іскерлік ойын.
- Тіл-шешендік өнер-психологиялық сәт-Д.Каратаева

**Тыңдалды:**

№ 1Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы-туралы

**ШЕШІМ:**

1.№2 педагогикалық кеңестің шешімдері толық қанағаттандырарлық деп қабылдансын.

2.Аталған жұмыстар жыл бойы жүргізілсін.

3. №3 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер жақсы деңгейде өткізілді. Халық ауыз әдебие шығармалар жинағын балалардың жас ерекшелігіне қарай жинақтап ,топтастыру-тәрбиешілер,жыл бойы.

**Бірінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.**

2.Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісінің м.а. Ә.С.Ахмет ашып,күн тәртібімен таныстырды.Ұлттық құндылықтарды баланың бойына сіңіру - болашақ ұрпақтың рухани бай, елжанды болып қалыптасуының кепілі. Ұлттық тәрбие- тек мерекеоік іс-шара емес, күнделікті оқу- тәрбие процесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс екенін баса айтты.

Инновация әдіскері Г.Кульджанова сөз сөйлеп, этнопедагогиканың мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытудағы рөліне тоқталды. Ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, ертегілердің тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы маңызын атап өтті. Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген.

Этнопедагогика- баланың тілдік құзыреттілігін дамытудың тиімді әрі табиғи жолы. Ұлттық мазмұнға негізделген оқыту баланың тілін ғана емес, тұлғалық дамуын да қамтамасыз етеді.

#### **Талқыланды:**

Халық ауыз әдебиет шығармалары бала тілінің дамуының негізгі құралы- тәжірибе бөлісу- эксперименттік алаң топтар тәрбиешілері А.Аусарова, Р.Прназарова өз тәжірибелерімен бөлісіп, ҰОҚ барысында жаңылтпаштар мен ұлттық ойындарды, ертегі, мақал-мәтелдерді қолданудың тиімділігін айтты.

Музыка жетекшісі Г.Смагулова халық әндері мен бесік жырларының баланың сөйлеу мәдениетіне әсері туралы пікір білдірді.

Тәрбиеші Ұ.Абишева («Шаңырақ» ортаңғы топ) мақал-мәтелдердің бала тілінің дамуына пайдасы зор екеніне тоқталды. Өз тәжірибесімен бөлісті.

«Дәстүр» мектепалды топ тәрбиешісі А.Ерлан балалардың тілінің дамуына, сөз қорының көбеюіне сахналық қойылымдардың пайдасы туралы өз тәжірибесімен бөлісті. Балалардың ертегіні сахналауға, кейіпкерлердің рөлдерін ойнауға деген қызығушылықтары мен ынталары жоғары екенін баса айтты.

Дене тәрбиесі нұсқаушысы Л.Төлебай ұлттық ойындардың маңызы туралы өз ойымен педагогикалық кеңеске қатысушылармен бөлісті. Ол тәрбиешілермен «Қыз қуу», «Бес кеней» ойындарын ойнап, ережемен таныстырды. Ұлттық ойындардың бала тәрбиесінде, олардың тілдерін дамытудағы пайдасының зор екенін айтты. Бала құрдастарына ойынды ұсынып, оның қалай ойналатыны туралы айтып береді.

Инновация әдіскері Г.Кульджанова педагогикалық кеңеске қатысушылармен «Іскерлік ойын» өткізді. Ойын төрт кезеңнен құрастырылды:

- \* Сандарға байланысты ұлттық ұғымдар
- Сурет арқылы мақал-мәтелдерді табу
- Ұмытылған салт-дәстүрлер
- Туыстық атаулар

Ойын ұлттық құндылықтарды насихаттау, балаларға т үйрету негізінде ұйымдастырылды.

Ойын қызықты өтті, педагогтердің білімдерінің жоғары екенін көрсетті.

«Тіл-шешендік өнер»-психологиялық сәт-Д.Каратаева ұйымдастырды.

Педагогикалық шеберхана туралы

#### **ШЕШІМ:**

1. Тәрбиешілерге күнделікті оқу-тәрбие процесінде этнопедагогика элементтерін (ертегі, мақал-мәтел, ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер т.б) жүйелі қолдану міндеттелсін, -жыл бойы, жауапты тәрбиешілер.

2. Балалардың тілдік құзыреттілігін дамыту мақсатында ұлттық мазмұндағы дидактикалық ойындар картотекасы жасалынсын-ақпан айы, жауапты тәрбиешілер.
  3. Әдіскерге этнопедагогика бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындау тапсырылсын-үнемі.
  4. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері арқылы тәжірибе алмасу ұйымдастырылсын-жыл бойы, жауапты әдіскер.
  5. Ата-аналармен жұмыс барысында ұлттық тәрбиенің тіл дамуына әсері жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.-жыл бойы, жауапты психолог, тәрбиешілер.
- Екінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.**

Педагогикалық кеңестің төрайымы :  
Педагогикалық кеңестің хатшысы:



Ә.Ахмет  
А.Ерлан